



Конни бөлмесінде мысықтың суретін салып отыр. Ол көптен бері марғауды қалап жүр, бірақ ата-анасы әлі келіскен жоқ. Бүгін Конни әкесіне сыйлық ретінде сурет салып жатыр, сондықтан ол ерекше тырысуда. Суретті әкесі қайтып келгенше аяқтауы керек. Коннидің сурет салуға беріліп кеткені сонша, ол тіпті үйдің алдына кенет көліктің келіп тоқтағанын естімейді.



Бұл — Коннидің әкесі. Ол сұр жолақтары бар кішкентай ақ марғауды қағып кете жаздады. Кішкентай марғаудың зәресі ұшып, көліктің дөңгелегінің алдында қатып қалады.

Ол өте арық және үсті-басы жұлма-жұлма екен. Әкесі марғауды қолына алу үшін еңкейіп еді, ол қашып кетті.

— Оған ештеңе болмағаны жақсы болды, — деп міңгірлейді әкесі.



Әкесі үйге кіріп, дәл сол марғаудың оның соңынан қалай үйге жып етіп кіріп кеткенін байқамай қалады.

— Марғау! — деп Конни қуана айқай салады. — Сен әлемдегі ең күшті әкесің!

Әкесі ештеңе түсінбестен, жан-жағына жалтақтай қарайды.

Ал марғау болса ақырын келіп, Коннидің аяғына оратылады.

— Сенің атың кім? — деп сұрайды Конни.

— Мяф, — деп жауап береді марғау.



— Сен қатты ашығып қалған шығарсың! — деп Конни бірден білді де, асүйге қарай жүгірді.

Асүйде ол тостағанға сүт құйып тұрып, таңғалған анасына мысық туралы айтып берді.

— Біз оны үйде алып қала алмаймыз, — деді анасы бас шайқап. — Мүмкін, оны әлдекім жоғалтып алып, сағынып, іздеп жүрген болар.

— Анашым, бірақ Мяфты қайта көшеге шығарып тастауға болмайды ғой! — деді Конни көзі жасқа толып.



Конец ознакомительного фрагмента.

Приобрести книгу можно

в интернет-магазине

«Электронный универс»

[e-Univers.ru](http://e-Univers.ru)